



Әлшекей Бектібайұлы
(1847-1932)

Суретті салған Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, скульптор Аманат Назарқұл



Немересі Жидебай Дәнебекұлы жұбайы Гүлжаһанмен.
(1980-ші жылдар)



Ильяс Жидебай

Әлшекей Бектібайұлы атындағы дәстүрлі өнерді дамыту қоғамдық қорының вице-президенті, «Академия солистов» Мемлекеттік камералық оркестрінің артисі, скрипкашы



“ӘЛШЕКЕЙ БЕКТІБАЙҰЛЫ

АТЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРДІ ДАМУ ҚОРЫ”

Қ О Ғ А М Д Ы Қ Қ О Р Ы

ж. « »
№

Құрметті өнер сүйер қауым!

Биылғы 2017 жылы қазақтың дәстүрлі күйшілік өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған халық композиторы, Сыр өңірінің айтулы күйшісі – Әлшекей Бектібайұлының туылғанына 170 жыл толады.

Осыған орай Әлшекей Бектібайұлы атындағы дәстүрлі өнерді дамыту қоғамдық қорының ұсынысы бойынша Елордасы Астанада және еліміздің облыстарында бірқатар шаралар ұйымдастырылуда.

Алдымен белгілі дирижер, мәдениет қайраткері Төлепберген Тоғжанов 2017 жылғы 10 ақпан күні Қызылорда облыстық филармониясында Әлшекейге арналған «Жауһар мұра» атты күйшілер кешін өткізді.

Маңғыстау облыстық филармониясының Абыл Тарақұлы атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің Әлшекей күйлерінен концертті 2017 жылдың 1 наурызында өткізілді.

Астана қаласы мемлекеттік Академиялық филармониясы қазақ халық аспаптары оркестрінің Әлшекей күйлерінен концертін өткізуін 2017 жылдың 26 сәуіріне және Батыс Қазақстан облыстық филармониясының Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің Әлшекей шығармашылығына арналған лекция-концертін өткізу 2017 жылдың қазан айына жоспарға енгізді.

Сонымен қатар, Қордың бастамасымен белгілі драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жолтай Әлмашұлы «Әлшекей (Күй-ғұмыр)» атты сахналауға арналған тарихи драмасын жазды.

Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, танымал суретші, скульптор Аманат Назарқұл күйшінің қызы Ұлбосынның суретіне қарап, оның образын қылқаламмен сомдады.

Осы жинақтың шығуына өз үлесін қосқан Айтқали Жайымов, Жамағат Темірғалиев, Қарасай Сайжанов, Төлепберген Тоғжанов, Еркін Нұрымбетов, Сәлімгерей Садықов, Мүсілім Әмзе, Бауыржан Көбенғалиев, Нұрлан Бекенов сынды музыка мамандарына, қаржылай демеушілік көрсетіп, мамандығы, кәсібі музыка әлемінен алшақ болса да дәстүрлі өнерге қамқорлық жасаған ағамыз Сақтаған Әбіләзімовке деген ерекше ыстық ықыласымызды атап өткіміз келеді.

Онан қалса, ұрпақ парызын арқалаған және бұл жүкті абыроймен көтеріп жүрген қазақтың біртуар азаматтары, күйшінің тікелей ұрпақтары еліміздің сатирик жазушысы Көпен Әмірбеков, мемлекеттік қызметтің майталманы Оңғарбай Дәнебековтерге шексіз алғысымызды білдіреміз.

Биылғы жасалған шаралар осы кітаптың жинақтаушысы композитор, музыка зерттеушісі, һәм әлшекейтанушы Еркін Нұрымбетов айтқандай түрлі себептермен шығармашылығы кенжелеу зерттелген күйшінің екінші ғұмыры басталғанын көрсетеді.

Қордың вице-президенті

Ильяс Жидебай